

Тасмуканова Дана

danatasmukan@gmail.com

БВ01901 - Логопедия білім бағдарламасының III курс студенті,

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті Атырау қ, Қазақстан Республикасы

Ғылыми жетекшісі, оқытушы, магистр - Тұрсынғали Н.Б.

Андатпа. Бұл ғылыми мақалада аутизм спектрі бұзылысы бар балалардың даму ерекшеліктері жүйелі түрде қарастырылады. Балалардың когнитивтік, эмоциялық және әлеуметтік дамуы өзара байланыста талданып, педагогикалық қолдаудың тиімді тәсілдері сипатталады. Ерте диагностика, түзете-дамыту жұмыстарының маңыздылығы және инклюзивті білім беру жағдайындағы мүмкіндіктер ғылыми тұрғыда негізделеді. Сонымен қатар, ата-ана мен маман арасындағы серіктестіктің рөлі ерекше атап көрсетіледі.

Кілт сөздер: аутизм спектрі, ерекше бала, нейродаму, инклюзивті білім беру, әлеуметтік бейімделу, психологиялық қолдау.

Кіріспе

Қазіргі қоғамда адам дамуының әртүрлілігіне деген көзқарас түбегейлі өзгеріп келеді. Осы өзгерістер аясында аутизм спектрі бұзылысы бар балалар мәселесі ерекше маңызға ие болуда. Бұл тек медициналық немесе педагогикалық мәселе емес, ол – әлеуметтік жауапкершілік пен мәдени деңгейдің көрсеткіші. Соңғы жылдары мұндай диагнозбен тіркелетін балалар санының артуы білім беру жүйесінің мазмұнын жаңаша қарастыруды талап етеді [1]. Мұндай балалардың кейбірі әлеуметтік байланыс орнатуда қиындық көреді, эмоцияны білдіруде немесе түсінуде өзгешелік танытады. Кейде олар қоршаған ортадағы өзгерістерге шамадан тыс сезімтал болады. Сонымен қатар, белгілі бір әрекеттерді қайталау немесе тар ауқымды қызығушылықтарға бейімділік те жиі кездеседі. Дегенмен, бұл ерекшеліктерді кемшілік ретінде қарастыру ғылыми тұрғыдан дұрыс емес. Бұл – баланың әлемді қабылдау тәсілінің өзгешелігі. Қазіргі ғылыми көзқарастар аутизмді нейроәртүрлілік тұрғысынан қарастыруға шақырады. Бұл бағыт әр баланың ми қызметінің өзіндік ерекшелігін мойындап, оның әлеуетін дамытуға бағытталған. Ерте диагностика мен ерте араласу баланың дамуына шешуші әсер етеді: уақытылы байқалған ерекшеліктерге назар аудару сөйлеу, қарым-қатынас және өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Тәжірибелерде көрсеткендей, әр баланың дамуына әсер ететін әдістер әртүрлі болады. Бір балаға тиімді тәсіл екінші балаға әсер етпеуі мүмкін. Сондықтан педагогикалық және психологиялық қолдау икемді және бейімделген болуы тиіс. Құрылымды орта құру, күн тәртібін сақтау, визуалды қолдау қолдану, сенсорлық жайлылықты қамтамасыз ету – тиімді әдістердің бірі. Кейбір балалар жарыққа, дыбысқа немесе жанасуға өте сезімтал болғандықтан, олардың оқу және тұрмыстық ортасы осы ерекшеліктерді ескеріп ұйымдастырылуы қажет. Сонымен қатар, әлеуметтік дағдыларды дамыту мақсатында топтық және жеке іс-шараларды үйлестіру маңызды. Баланың өздігінен әрекет ету қабілетін қолдау, эмоциясын түсіну және әлеуметтік сигналдарды қабылдау дағдыларын қалыптастыру – педагогикалық және психологиялық жұмыстың басты бағыттары болып табылады. Шығармашылық әдістер мен технологиялық құралдарды пайдалану (интерактивті бағдарламалар, визуалды жоспарлар, ойын және музыка терапиясы) балалардың когнитивті және эмоционалды дамуын қолдайды. Осылайша, аутизм спектрі бар балалардың дамуы кешенді, жеке ерекшеліктерге бейімделген тәсілдерді талап етеді. Мақсат – әлсіз жақтарды түзету ғана емес, күшті қабілеттерін дамыту, әлеуметтік интеграцияға мүмкіндік беру және өзін-өзі тану мен сенімділігін қалыптастыру. Бұл тәсіл балалардың толыққанды дамуына, қоғамда өз орнын табуына және өмір сапасының жоғары болуына ықпал етеді.

Негізгі бөлім

Аутизм спектрі бұзылысы – баланың психикалық дамуының өзіндік ерекшелігімен сипатталатын күрделі құбылыс. Бұл жағдайда орталық жүйке жүйесінің қызметі өзгеше ұйымдасып, ақпаратты қабылдау мен өңдеу үдерістері ерекше сипат алады. Нәтижесінде баланың қарым-қатынас жасауында, тілдік дамуында және мінез-құлқында айрықша белгілер байқалады [2]. Нейропсихологиялық зерттеулер аутизмнің негізінде ми қызметінің функционалдық айырмашылықтары жатқанын дәлелдейді. Яғни, нейрондық байланыстардың ұйымдасу ерекшелігі баланың қоршаған ортаға деген реакциясын анықтайды. Кейбір жағдайларда бұл ерекшеліктер ақпаратты терең әрі дәл өңдеуге мүмкіндік береді. Сондықтан аутизм спектрі бар балалар арасында ерекше қабілеттердің байқалуы заңды құбылыс. Қазіргі ғылыми бағыттардың бірі – аутизмді нейроәртүрлілік тұрғысынан қарастыру. Бұл көзқарас әр адамның миы өзінше жұмыс істейтінін мойындауға негізделген. Осы тұрғыдан алғанда, ерекше балаларды өзгерту емес, олардың әлеуетін дамыту басты мақсат ретінде қарастырып, ерте диагностика жасаған дұрыс.

Ерте диагностика мен ерте араласу – баланың дамуындағы шешуші кезеңдердің бірі. Баланың алғашқы жылдарында байқалған ерекшеліктерге уақытылы назар аудару оның болашақтағы әлеуметтік бейімделуіне айтарлықтай әсер етеді. Ерте басталған түзете-дамыту жұмыстары сөйлеу, қарым-қатынас және өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді [3].

Диагностика кезінде және тәжірибелік жұмыс барысында әр баланың жеке ерекшелігін ескеру өте маңызды. Бір әдіс барлық балаға бірдей әсер етпейді. Оқу және тұрмыстық ортаны балалар үшін қауіпсіз әрі қолайлы ету – аутизм спектрі бар балалардың дамуына тікелей әсер етеді. Сенсорлық сезімталдықты ескере отырып, жарық, дыбыс, текстура сияқты факторларды бақылау арқылы олардың күнделікті белсенділігін жеңілдетуге болады. Сонымен қатар, әлеуметтік дағдыларды дамыту мақсатында топтық және жеке іс-шараларды үйлестіру маңызды. Баланы өз бетімен әрекет етуге ынталандыру, эмоцияларын түсінуін қолдау және әлеуметтік сигналдарды дұрыс қабылдауға бағыттау педагогикалық және психологиялық жұмыстың басты элементтері болып табылады. Мұғалімдер мен ата-аналар қолдауды позитивті күш-қуат, қызығушылық пен мотивацияға сүйене отырып ұйымдастыруы қажет. Қазіргі технологиялық құралдар мен цифрлық ресурстар балалардың оқу процесін жеңілдетіп, ақпаратты қабылдауы мен есте сақтау қабілетін жақсартуға көмектеседі. Визуалды жоспарлар, интерактивті бағдарламалар, арнайы қосымшалар, сондай-ақ ойын, музыка және шығармашылық терапиялары балалардың когнитивті, эмоционалды және шығармашылық дамуына қосымша қолдау көрсетеді. Сенсорлық сезімталдықтан кейінгі ескеретін мәселе баланың мінез-құлқын түсіне білу.

Баланың мінез-құлқын түсіну – кәсіби жұмыстың маңызды бөлігі. Кез келген әрекет белгілі бір себепке негізделеді. Егер бала мазасызданса немесе агрессия көрсетсе, бұл оның қажеттілігінің қанағаттандырылмағанын білдіруі мүмкін. Осы тұрғыдан алғанда, мінез-құлқты түзету емес, оның себебін анықтау негізгі міндет болып табылады. Мінез-құлқты талдау барысында функционалдық көзқарасқа сүйену маңызды. Яғни, баланың әрекеті қандай мақсатта орын алып отырғанын анықтау қажет: ол назар аударту, бір жағдайдан қашу, белгілі бір затты алу немесе ішкі жайсыздықты білдіру болуы мүмкін. Осындай талдау негізінде ғана тиімді педагогикалық стратегия құруға болады. Сонымен қатар, жағымды мінез-құлқты қалыптастыру үшін позитивті қолдау әдістерін қолдану, жетістіктерді дер кезінде мадақтау және күтілетін әрекетті нақты көрсету үлкен нәтиже береді. Коммуникацияны дамыту ерекше назарды талап етеді. Кейбір балалар сөйлеу тілін толық қолдана алмаған жағдайда, балама коммуникация тәсілдерін енгізу тиімді нәтиже береді. Бұл баланың өз ойын жеткізуіне мүмкіндік беріп, оның әлеуметтік өзара әрекеттесуін жақсартады. Визуалды карточкалар, ым-ишара, пиктограммалар немесе технологиялық құралдар арқылы жүзеге асатын коммуникация түрлері баланың қоршаған ортамен байланысын жеңілдетеді. Ең бастысы – баланың кез келген қарым-қатынас жасау талпынысын қолдау және оны дамыту. Коммуникациялық дағдылардың қалыптасуы баланың әлеуметтік бейімделуінің негізін қалайды. Қарапайым сұраныс білдіру,

таңдау жасау, эмоциясын жеткізу сияқты дағдылар біртіндеп күрделеніп, баланың өз бетінше әрекет етуіне жол ашады. Бұл үдерісте жүйелілік пен қайталау маңызды рөл атқарады. Ата-ананың қолдауы да баланың дамуына тікелей әсер етеді. Диагностды қабылдау кезеңі әр отбасы үшін күрделі болуы мүмкін. Алайда баланы шынайы қабылдау және оған жүйелі түрде қолдау көрсету – оның дамуының негізі. Ата-ананың эмоционалдық тұрақтылығы мен сенімі балаға да беріледі, сондықтан отбасындағы психологиялық ахуал ерекше мәнге ие. Ата-ана мен маман арасындағы тығыз байланыс оң нәтижеге жеткізеді. Үй жағдайында жүргізілетін жұмыс пен мамандар ұсынған әдістердің сабақтастығы баланың дағдыларын бекітуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ата-аналарға кеңес беру, оқыту және психологиялық қолдау көрсету олардың өз мүмкіндіктеріне деген сенімін арттырады. Осылайша, баланың мінез-құлқын түсіну, коммуникацияны дамыту және ата-анамен серіктестік орнату – ерекше баламен жүргізілетін жұмыстың өзара байланысты негізгі бағыттары болып табылады. Бұл бағыттардың үйлесімді жүзеге асуы баланың жан-жақты дамуына және қоғамға табысты бейімделуіне жағдай жасайды.

Инклюзивті білім беру – ерекше балалардың әлеуметтенуінің тиімді жолы. Бұл жүйе балалардың бірге білім алуына жағдай жасап, әлеуметтік тәжірибе жинақтауына мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ол қоғамда толеранттылық пен өзара құрметтің қалыптасуына ықпал етеді [1]. Дегенмен, инклюзивті білім беру тек формалды түрде жүзеге аспауы тиіс. Оның тиімділігі мұғалімдердің кәсіби дайындығына, оқу бағдарламаларының бейімделуіне және қолдау қызметтерінің сапасына байланысты. Осыған орай, білім беру процесінде жеке білім беру траекториясын құру, оқыту мазмұнын саралау және баланың мүмкіндігіне сай тапсырмалар ұсыну маңызды болып табылады. Инклюзивті ортада педагог тек білім беруші ғана емес, сонымен қатар бағыттаушы, қолдаушы және фасилитатор рөлін атқарады. Ол баланың эмоционалдық жағдайын бақылап, оның оқу әрекетіне деген қызығушылығын арттыруға ықпал етуі тиіс. Сонымен бірге, сыныптағы психологиялық ахуалды қалыптастыру да ерекше мәнге ие. Құрдастар арасындағы түсіністік пен қолдау ерекше баланың өзін қауіпсіз сезінуіне мүмкіндік береді. Қолдау қызметтерінің жүйесі де маңызды құрамдас бөлік болып табылады. Психолог, логопед, дефектолог және тьютор мамандарының бірлескен жұмысы баланың жан-жақты дамуын қамтамасыз етеді. Бұл мамандар баланың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, түзете-дамыту жұмыстарын жүйелі түрде ұйымдастырады. Сонымен қатар, ата-анамен тығыз байланыс орнату инклюзивті білім берудің тиімділігін арттырады. Үй мен мектеп арасындағы сабақтастық баланың дағдыларын бекітуге және тұрақты нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Осылайша, инклюзивті білім беру тек білім беру форматы емес, ол – баланың тұлғалық дамуына бағытталған кешенді жүйе. Оның сапалы жүзеге асуы барлық қатысушылардың өзара ынтымақтастығы мен жауапкершілігіне негізделеді.

Қорыта айтқанда, аутизм спектрі бұзылысы бар балалардың дамуын қарастыру біржақты тәсілді емес, кешенді көзқарасты талап етеді. Бұл балалардың ерекшеліктері олардың әлсіз тұсы ғана емес, сонымен қатар жеке әлеуетінің көрінісі болып табылады. Сондықтан қазіргі білім беру мен психологиялық қолдау жүйесінің басты мақсаты – оларды «қалыпқа келтіру» емес, керісінше, табиғи мүмкіндіктерін барынша ашуға бағытталуы тиіс. Ерекше балалардың табысты дамуы ерте кезеңнен басталған жүйелі қолдауға, кәсіби мамандардың үйлесімді жұмысына және ата-ананың белсенді қатысуына тікелей байланысты. Әсіресе, баланың жеке ерекшеліктерін ескере отырып құрылған білім беру ортасы оның әлеуметтік бейімделуіне, өзін-өзі тануына және қоршаған ортамен тиімді байланыс орнатуына мүмкіндік береді. Инклюзивті білім беру кеңістігі ерекше баланың әлеуметтенуіне ғана емес, жалпы қоғамның рухани дамуына ықпал етеді. Себебі әртүрлілікті қабылдау, өзгеге құрметпен қарау және қолдау көрсету – өркениетті қоғамның негізгі белгілері. Осы тұрғыдан алғанда, ерекше балаларға жасалған жағдай – қоғамның адамгершілік деңгейінің нақты көрсеткіші. Бүгінгі таңда басты міндет – ерекше баланы өзгерту емес, оған түсіністікпен қарап, оның ішкі әлемін қабылдай білу. Әр бала өзіндік болмысымен құнды. Ал сол болмысты танып, дамытуға жағдай жасау – педагог пен ата-ананың ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ жауапкершілігі.

Ерекше бала – ерекше әлем. Сол әлемді түсіне алған жағдайда ғана біз шынайы инклюзивті қоғам құра аламыз.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Астана, 2021.
2. Төлеубаева Г.К. Ерекше білім беруді қажет ететін балалар психологиясы. – Алматы, 2020.
3. Айтбаева А.Б., Жұмабекова Ф.Н. Инклюзивті білім беру негіздері. – Алматы, 2019.